

Армысың, өз-Жаурыз!

ЗАН

✉ zangazet@mail.ru

№21 (3749)
21 наурыз 2025



газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

ЛЕБІЗ

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Құрметті әріптестер, оқырмандар!

Қазақстан Республикасы Судьялар одағының атынан Сіздерді Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мейрамымен құттықтаймын!

Наурыз мейрамы – ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мейрамы. Бұл мейрам парсы, кавказ және түркі халықтарының арасында көктем мейрамы және жаңа жылдың басталуы ретінде тойланады. Наурыз – жыл басы ғана емес, табиғаттың жаңаруы, тіршіліктің жандануы, жарқын болашақтың бастауы. Бұл – халқымыздың тарихында ерекше орын алатын ежелгі дәстүрлі мейрам, татулық пен бірлік орнайтын, қоғамды шаттыққа бөлейтін кезең.

Ата-бабаларымыз бұл мейрамды ерекше құрметпен қарсы алып, салт-дәстүрлер арқылы оның мағынасын тереңдеткен. Наурыз – кешірім мен кеңшілік, ізгілік пен мейірімділік символы. Осы күні адамдар ренішін ұмытып, табысып, дастарқан жайып, Наурыз көже дайындайды, меймандар күтеді. Бұл – жан мен тәннің тазару мезгілі, жаңа бастамаларға дайындық.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері Наурыз мейрамының мәртебесі артты, ұлттық құндылықтарымыз жаңғырып, қоғамда әділеттілік пен теңдік орнады. Мемлекет басшысының жетекшілігімен елімізде әр салада көптеген реформа жүргізіліп, мемлекетіміз халықаралық қоғамдастықта лайықты орнын ала бастады. Әрдайым алда тұрған қиындықтар мен ғаламдық дағдарыстарға қарамастан, Қазақстан өзінің әлеуетін арттыра отырып, экономикалық және әлеуметтік, саяси даму жолында үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Бұл жетістіктерге негіз болған басты фактор – еліміздегі тұрақтылық, ұлт бірлігі және азаматтар арасындағы келісім. Осы тұрақтылық пен келісім біздің болашағымыздың іргетасы болып қалатыны сөзсіз.

Ұлыстың Ұлы күнінің құндылықтары сот жүйесінің негізі – әділдік, адалдық және заңдылықпен үндеседі. Еліміздің тұрақты дамуына және заң үстемдігін қамтамасыз етуге сот жүйесінің, оның ішінде судьяларымыздың атқаратын рөлі ерекше маңызды. Сот жүйесінің тұрақты дамуы – құқықтық мемлекеттің басты негізі, қоғамның әл-ауқатын арттырудың және мемлекетіміздің өркендеуінің кілті. Әділ сот төрелігі елдегі заңдылықты сақтауға, азаматтардың құқықтарын қорғауға және қоғамдағы әділдік пен теңдік принциптерін орнықтыруға бағытталған.

(Жалғасы 2-бетте)

(Жалғасы 2-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ТАТУ ЕЛГЕ – ТЫНЫШТЫҚ ПЕН ТОҚШЫЛЫҚ НӘСІП



Ұлыстың Ұлы күні – Наурызды мерекелеу жылдан-жылға жанданып, жаңа заманмен бірге жаңа сипатқа ие болып барады. Осы аралықта мейрам елімізді мекендеген бүкіл халықтың, ұлт пен ұлыстың сағынып күтетін ортақ мерекесіне айналды.

ТАҒАЙЫНДАУ



Азат ІЗБАСАРОВ



Мақсұт ТЕКЕТАЕВ



Серік ТӨЛЕГЕНОВ



Алмат ЕРМАНОВ



Серікжан ҒАБДУЛИН

Ұлыстың Ұлы күні қарсаңында еліміздің бес облыстық сотына жаңа төрағалар тағайындалды. Қазақтың жаңа жылынан жұмысын бастағалы отырған төрағалардың жұмысына сәттілік тілейміз!

Азат Избасаров – Батыс Қазақстан облыстық сотының төрағасы

Алғашқы еңбек жолын Алматы қаласы және Алматы облысы ІІД-нің тергеушісі, тергеу бөлімінің бастығы қызметінен бастаған Азат Әмірбекұлы Алматы облысы Қарасай аудандық сотының судьясы, Маңғыстау облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы;

Маңғыстау облыстық сотының судьясы қызметін абыроймен атқарған. Тағайындауға дейін Батыс Қазақстан облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы болды.

Мақсұт Текетаев – Маңғыстау облыстық сотының төрағасы

Қызметін сот орындаушысы, аға сот орындаушысы болып бастаған Мақсұт Нысанбайұлы сот саласын-

да сатылап өскен білікті маман. Ол Талғар аудандық сотының төрағасы, Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы ретінде абыроймен еңбек еткен судья.

Серік Төлегенов – Павлодар облыстық сотының төрағасы

Заңгерлік білім алған соң сот хатшысы, сот приставы, Жоғарғы Сот аппаратының консультанты болған Серік Кеңесұлының сот саласындағы тәжірибесі жиырма жылдан жоғары. Астана қаласы Алматы аудандық сотының судьясы,

Ақтөбе қалалық сотының төрағасы, Алматы қаласы Алмалы ауданы №2 сотының төрағасы қызметін мінсіз атқарған ол тағайындауға дейін Павлодар облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы болған еді.

Алмат Ерманов – Қостанай облыстық сотының төрағасы

Алмат Нұрмұратұлы ширек ғасырдан бері сот саласында еңбек етіп келеді. Қызылорда облысы Қармақшы аудандық сотының, мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы

болған әріптесіміз еңбек жолын Қызылорда облыстық сотының судьясы, Атырау қалалық сотының төрағасы; 2020 жылдан бастап осы уақытқа дейін Қостанай облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы ретінде жемісті еңбек еткен.

Серікжан Ғабдулин – Солтүстік Қазақстан облыстық сотының төрағасы

25 жылдық судьялық өтілінің 17 жылын бірінші сатыдағы соттарда атқарған Серікжан Жәлелұлы кәсіби біліктілігі зор, беделі жоғары маман. Соттағы жұмысын 1999 жылы Петропавл қалалық сотының судьясы, төрағасы ретінде бастаған. Одан кейін Ақжайың аудандық сотының төрағасы, Солтүстік Қазақстан облыстық сотының судьясы, 2020 жылдан осы қызметке тағайындалғанға дейін – Ақмола облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы қызметін лайықты атқарып келді.

Соттың сан қырлы сынынан өтіп, білімі мен ілкілігін шыңдаған төрағалар ел игілігіне қызмет етеді деп сенеміз.

ТӨРАҒАЛАРҒА СӘТТІЛІК!

DEREK PEN DÄYEK

АГРОӨНЕРКӘСІП

**АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
ТҰРАҚТЫ ДАМУДА**

Қазақстан халқының 38 пайызы ауылдық жерлерде тұрады. Еліміздегі еңбекпен қамтылған халықтың 11 пайызы агроөнеркәсіптік кешенде (АӨК) жұмыс жасайды. Ауыл шаруашылығы министрінің мәліметі бойынша, соңғы 6 жылда агроөнеркәсіптік кешенді қолдауға 2,5 трлн теңге бөлінген. Соның нәтижесінде ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі 1,8 есе өсіп, 8,3 трлн теңгеге жетті.

Мемлекеттік қолдау шараларының арқасында агроөнеркәсіптік кешеннің негізгі капиталына инвестициялар ағынының тұрақты үрдісі сақталуда. Мәселен, ауыл шаруашылығына инвестиция көлемі бес жылда 2,5 есеге ұлғайып, 2024 жылы 919 млрд теңгені құрады. Осы кезеңде азық-түлік өндірісіне салынған инвестициялар 40 пайызға артып, 180,8 млрд теңгеге жетті.

Инвестиция ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігінің артуына да ықпал етті. 2023 жылдың қорытындысы бойынша жұмыспен қамтылғандарға еңбек өнімділігі 4,2 млн теңгені құрады. Бұл 2018 жылғы көрсеткіштен (2,1 млн теңге) екі есе көп.

2018–2024 жылдары елімізде азық-түлік өндірісінің көлемі 2,1 есеге артып, 3,3 трлн теңгені құрады. 2024 жылы 2018 жылмен салыстырғанда экспорт көлемі 1,7 есеге артып 3,1 млрд-тан 5,1 млрд долларға жетті.

Агроөнеркәсіптік кешен мемлекеттік қолдаудың, инвестициялар тартудың және еңбек өнімділігін арттырудың арқасында нығайып, дамуын жалғастыруда. Осы факторлардың барлығы ауыл шаруашылығының тұрақты дамуын және оның ел экономикасына елеулі үлесін қамтамасыз етеді.

Самал АСҚАР,
«Заң газеті»

ШАРТАРАП

**БҮҮ ГАЗАДАҒЫ АТЫСТЫ
ТОҚТАТУҒА ШАҚЫРДЫ**

Сейсенбіде Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Антониу Гутерриш жүздеген адамның өмірін қиған Израильдің Газадағы әуе шабуылына қатысты мәлімдеме таратты. Әлемдік қауымдастықтың баспасөз қызметінің хабарлауынша, Бас хатшы Израильдің бейбіт тұрғындарды өлтірген әуе шабуылдарына алаңдаушылық білдіріп отыр. Ол атысты тоқтату режимін сақтауға, гуманитарлық көмекті кедергісіз қалпына келтіруге және қалған кепілге алынғандарды шартсыз босатуға шақырды.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы комиссары Фолькер Түрік те Израильдің Газаға жасаған соққыларына қатысты пікір білдірген болатын. Оның сөзіне қарағанда, жаңа шиеленіс «қайғылы жағдайдың шиеленісуіне» әкеледі. Бұл қорқынышты арман дереу аяқталуы керек. Өйткені соңғы 18 айдағы зорлық-зомбылық дағдарыстан шығудың әскери жолы жоқ екенін айқын көрсетті. Кепілге алынғандар дереу және сөзсіз босатылуы тиіс. Ережесіз ұсталғандардың барлығы дереу және сөзсіз босатылуы керек. Ол сондай-ақ ықпалы бар барлық тараптарды бейбітшілікке қолжеткізу және бейбіт тұрғындар арасындағы қайғы-қасіреттің алдын алу үшін қолдан келгеннің бәрін жасауға шақырды.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

ТАРИХИ МҰРА



Елімізде туризмге тартымды аймақтардың ішінде Жамбыл облысы туристердің ерекше қызығушылығын туғызатын тарихи ескерткіштерге бай. Бұл өңірдің тарихи-мәдени мұрасы 3 510 ескерткіштен тұрады. Мұндағы бес археологиялық ескерткіш ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізілген. Олар: Баласағұн, Құлан, Өрнек, Қостөбе қалашықтары және Ақыртас сарай кешені.

Жамбыл облысы әкімдігінің кәсіпкерлік

ЕСКЕРТКІШТЕР – АЙМАҚТЫҢ ТУРИСТІК ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРАДЫ

және индустриалды-инновациялық дамыту басқармасының «Тараз-Туризм» туристік ақпараттық орталығының директоры Мөлдір Уразалиеваның айтуынша, Жамбыл облысының туристік әлеуетін кеңінен танытып, оны қарқынды дамыту мақсатында құрылған бұл орталықта 4 бөлім бойынша 17 қызметкер жұмыс жасайды. Орталықтың негізгі миссиясы – өңірдегі туризмнің дамуына серпін беріп, туристерге жан-жақты ақпараттық қолдау көрсету. Олар туризм саласының өркендеуі үшін қолайлы жағдай жасап, оның басым бағыттарын анықтап, жүйелі түрде қолдауға назар аударады.

Орталық қызметінің негізгі бағыттары: Жамбыл облысында туризмді дамытуға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу. Аймақтың туристік әлеуетін насихаттау – ақпараттық және бейнематериалдар әзірлеу, жарнамалық өнімдер жасау, туристік бағыттарды көрсететін бейнефильмдер мен роликтер шығару және тарату. Облыстың туристік мүмкіндіктерін кеңінен таныту мақсатында республикалық және халықаралық туристік

жәрмеңкелерге, биржаларға, форумдарға, слеттер мен көрмелерге қатысу.

Туризм мамандарына, гидтерге, экскурсоводтар мен инструкторларға арналған тақырыптық оқыту семинарлары мен тренингтер өткізу, сондай-ақ олардың кәсіби дайындығы мен біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру. Туризм саласына инвестиция тарту үшін қолайлы жағдай жасау. Туризм саласындағы кәсіпкерлерге туристік қызметке қатысты әдістемелік және консультациялық көмек көрсету. Аймақтың туристік әлеуеті, нысандары және осы салада қызмет көрсететін тұлғалар туралы ақпарат ұсыну. Шетелдік туристерге заңдық және өзге де мәселелер бойынша көмек көрсету. Туроператорлар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне арналған жарнамалық турлар ұйымдастыру. Әуежайларда, теміржол және автовокзал ғимараттарында, сондай-ақ туристер жиі келетін орындарда үнемі жаңартылып отыратын ақпараттық пункттер орнату. Веб-сайттың мазмұнын толықтырып, барлық қажетті ақпаратпен жаңартып отыру.

«Облысымыздағы туризм индустриясының көшбасшыларына түркі еліміздің тарихи-мәдени ескерткіштерінің кешендері – «Айша бибі», «Қарахан», «Тектұрмас» кешендері, «Ежелгі Тараз» қалашығы, «Жайсан» ғибадатханасы,

Бұл ұйымның мәліметінше, Ауғанстанда наурыздың басында 167 аурухана мен емхана жабылып, 25 провинцияда 1,6 миллион адам медициналық көмексіз қалды. Бұл үрдіс одан әрі жалғаса берсе маусым айына дейін тағы 220 медициналық мекеме жабылуы мүмкін деген болжам бар.

Ең қиын жағдай Ауғанстанның солтүстік, батыс және солтүстік-шығыс аймақтарында медициналық орталықтардың үштен бірінен астамы жұмысын тоқтатқан. «Бұл тек цифрлар емес, бұның артында қаншама адамның тағдыры тұр. Дәрігерсіз босана алмайтын аналар, вакцинасыз қалған балалар, дерттері өлімге әкелетін, кез келген аурудан қорғалмаған тұтас қоғам жатыр. Мұның салдары тек өлім көрсеткіштерінің артуына әкеледі» дейді Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының өкілдері.

2025 жылдың қаңтар және ақпан айларында ғана Ауғанстанда қызылшаға күдікті 16 000-нан астам жағдай тіркелді, 111 науқас қайтыс бол-

**ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ДЕНСАУЛЫҚ
САҚТАУ ҰЙЫМЫ ДАБЫЛ ҚАҚТЫ**

ды. Алайда қызылшаға қарсы вакцинаның бірінші дозасын балалардың 51%-ы, ал екінші дозасын 37%-ы ғана алған.

А. МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

ЗАҢ
газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов
8 707 721 19 59.
Шадиар Мекенбайұлы
87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов
8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklamaastana@mail.ru
«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6481 дана
Апталық таралым 12 962 дана
Тапсырыс №942 Индекс 65921
Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г күәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727)51-78-31